

ISSN 2524 - 0684 (print)
ISSN 2524 - 0692 (online)

С.Ж.Асфендияров атындағы
Қазақ Ұлттық медицина университеті

Казахский Национальный медицинский университет
им. С.Д.Асфендиярова

Asfendiyarov
Kazakh National Medical university

ВЕСТНИК

НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

КАЗАХСКОГО НАЦИОНАЛЬНОГО
МЕДИЦИНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ

ХАБАРШЫСЫ

Ғылыми-практикалық журнал

VESTNIK KAZNMU

SCIENTIFIC-PRACTICAL JOURNAL OF MEDICINE

№1 2019

Журнал входит в перечень изданий,
рекомендованных Комитетом по контролю в сфере образования и науки МОН РК
для публикации основных результатов научной деятельности

Журнал основан в 2007 году
Минимальная периодичность
журнала 4 раза в год

Журнал 2007 жылы негізделген
Журнал жылына кем дегенде
4 рет шығады

Свидетельство о регистрации №7672 – Ж

РАЗДЕЛ 2. ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ДИСЦИПЛИНЫ

ГИГИЕНА И ЭКОЛОГИЯ

А.Ш. Букунова, Г.А. Арынова, А.У. Балтаева, А.Б. Даниярова ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ЗИЯҒЫ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ АУРУЛАРЫН ТАЛДАУ	355
А.И. Анамбаева, Д.М. Сыздықов, У.И. Кенесариев, А.Е. Ержанова, А.Т. Досмухаметов, Л.К. Амрина, Б.С. Ундасынов, Р.Л. Тайшекенова ТЕНДЕНЦИИ И УРОВНИ ЗАБОЛЕВАЕМОСТИ НАСЕЛЕНИЯ МАКАТСКОГО РАЙОНА БОЛЕЗНЯМИ КОЖИ И ПОДКОЖНОЙ КЛЕТЧАТКИ	359
А.У. Балтаева, Г.А. Арынова, А.Б. Даниярова, А.Н. Байтенова, Г.К. Аширбеков, А.Ш. Букунова ОЦЕНКА ГАРМОНИЧНОСТИ ФИЗИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ ШКОЛЬНИКОВ ГОРОДА АЛМАТЫ	364
Э.С. Борибай, С.Д. Усубалиева, И.Ш. Шаяхметова, Ж.Ы. Молдагазыева К ВОПРОСУ О ЗАБОЛЕВАЕМОСТИ НАСЕЛЕНИЯ ШЕТСКОГО РАЙОНА КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ	367
А.Е. Ержанова, Г.А. Бегимбетова, Г.Н. Алибекова, У.И. Кенесариев, М.К. Амрин, Т.С. Мусагалнев ТЕНДЕНЦИИ, УРОВНИ И СТРУКТУРА ПЕРВИЧНОЙ ЗАБОЛЕВАЕМОСТИ НАСЕЛЕНИЯ Г. АТЫРАУ	371
А.Х. Исабекова, С.Ф. Беркинбаев, С.Ж. Уразалина, А.Т. Мусагалиева, К.М. Кошумбаева ОСНОВНЫЕ ФАКТОРЫ РИСКА СЕРДЕЧНО-СОСУДИСТЫХ ЗАБОЛЕВАНИЙ СРЕДИ ЖИТЕЛЕЙ Г. АЛМАТЫ (ДАННЫЕ ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ)	375
Д.У. Кенесары, А.М. Оразымбетова, А.Е. Ержанова, У.И. Кенесариев, А.Т. Досмухаметов, А.Т. Нарымбаева, Д.М. Коңурова РЕЗУЛЬТАТЫ МОНИТОРИНГА ПЕРВИЧНОЙ ЗАБОЛЕВАЕМОСТИ НАСЕЛЕНИЯ ГЕОЛОГСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА АТЫРАУ	378
Д.У. Кенесары, А.И. Анамбаева, А.М. Оразымбетова, А.Е. Ержанова, А.Т. Досмухаметов, Л.К. Амрина, Б.С. Ундасынов, Р.Л. Тайшекенова АНАЛИЗ ТЕНДЕНЦИЙ, УРОВНЯ И СТРУКТУРЫ ПЕРВИЧНОЙ ЗАБОЛЕВАЕМОСТИ НАСЕЛЕНИЯ МАКАТСКОГО РАЙОНА	382
Д.У. Кенесары, З. Адильгирейұлы, Н.А. Асқолова ОЦЕНКА РИСКОВ ЗДОРОВЬЮ НАСЕЛЕНИЯ ОТ ХИМИЧЕСКОГО ЗАГРЯЗНЕНИЯ АТМОСФЕРНОГО ВОЗДУХА В НАСЕЛЕННЫХ ПУНКТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	385
А. Манкеев, А.Е. Уалиева АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ҚҰС ШАРУАШЫЛЫҒЫ КӘСІПОРЫНДАРЫНДА САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ	390
Н.Б. Қожахметов, М.К. Желдербаева ЕЛДІМЕКЕНДЕРГЕ ЖАҚЫН ОРНАЛАСҚАН УРАН ӨНДІРІСІНІҢ АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ӘСЕРІ	392
Г.Т. Усманова, А.В. Шамова, Ж.В. Романова, А.Т. Душпанова КОНТРОЛЬ ЗА СОДЕРЖАНИЕМ ТОКСИЧНЫХ ВЕЩЕСТВ В ВОДНЫХ ОБЪЕКТАХ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ	393
А.В. Шамова, Г.Т. Усманова, Ж.В. Романова, А.Т. Душпанова КОНТРОЛЬ ЗА СОДЕРЖАНИЕМ ТОКСИЧНЫХ ВЕЩЕСТВ В ПИЩЕВЫХ ПРОДУКТАХ, РЕАЛИЗУЕМЫХ В КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ	397
Г. Шолтырова, А.Е. Уалиева АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДА ВИРУСТЫҚ ГЕПАТИТТЕРДІҢ ТАРАЛУ ДИНАМИКАСЫ	401

ЛАБОРАТОРНАЯ МЕДИЦИНА

В.А. Ussipbek, L.C. López, M.K. Murzakhmetova PROSPECTS OF THE APPLICATION OF COENZYME Q10 FOR CORRECTION OF MITOCHONDRIAL DYSFUNCTION	404
Г.Қ. Закирьянова, Н.О. Накисбеков ИММУНДЫҚ ЖАСУШАЛАРДАҒЫ ОНКОГЕНДЕР	408
Е.У. Куандыков, Е. Гасанов ОПТОГЕНЕТИКА И ЕЕ ПРИМЕНЕНИЕ В РЕГЕНЕРАЦИИ ТКАНЕЙ	413
R. Sakenov CYTOTOXIC EFFECTS OF NOVEL SYNTHETIC CANNABINOID, PARENT COMPOUND, THJ-018, ON SH-SY5Y NEUROBLASTOMA CELLS	416
Г.Қ. Атанбаева, А.А. Маугенбаев, А.Б. Еланцев, Л.Б. Умбетъярова, М.С. Кулбаева, О.К. Дарменов, А.Ж. Жунисжан, Ж.А. Иманбекова, Т.Т. Мельдеханов ЕГЕУТЕУҚҰЙРЫҚТАРДЫҢ ҚАН ЖАСУШАЛАРЫНА ИНФРАДЫБЫСТЫҢ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ	422
А.М. Mukhamedova, N.Ye. Aukenov, M.R. Masabaeva, N.Zh. Chayzhunusova DETOXICATION GENES POLYMORPHISM AND HUMAN ENDOECOLOGICAL STATUS	428



РАЗДЕЛ 2. ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ДИСЦИПЛИНЫ CHAPTER 2. THEORETICAL DISCIPLINE

ГИГИЕНА И ЭКОЛОГИЯ

HYGIENE AND ECOLOGY

ӘОЖ 613.62:669.295

А.Ш. Вуканова¹, Г.А. Арынова², А.У. Балтаева², А.Б. Даниярова²

¹Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті, Қазақстан, Өскемен қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ЗИЯНДЫ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ АУРУЛАРЫН ТАЛДАУ

Мақалада Шығыс Қазақстан өңірінде ҚР ДСМ «Санитарлық-эпидемиологиялық сараптама және мониторингтік ғылыми-тәжірибелік орталық» мәліметтері бойынша облыстың аудандары мен қалалардағы кәсіби аурулар құрылымының талдауы жасалған. Тұрғындар денсаулығы елдің әлеуметтік-экономикалық ал-ауқатының көрінісі, қуатты экономикалық, еңбектік, қарғаныс және мәдени әлеуеті ретінде қорғаныс дамуының маңызды индикаторы болып табылады.

Жұмыстың негізгі мақсаты облыс көлемінде жұмыс істейтін тұрғындар денсаулығын бағалау, кәсіби аурумен аурушаңдықты аудап, қала көлемінде ғана емес, сонымен бірге кәсіпорындар бойынша талдау жасау, кәсіби аурушаңдықты зардап шеккендердің анықталуы бойынша орналастыру. Атырылған жұмыстың іс жүзіндегі маңыздылығы жұмысшылардың аурушаңдығының негізгі себептерін анықтап, олардың алдын алу шараларын әзірлеуге негізделген. Зерттеу әдістемесінің негізіне гигиеналық, эпидемиологиялық, статистикалық әдістер жатады.

Жүргізілген талдаудың құндылығы кәсіби аурушаңдықтың динамикасын себептік факторына байланысты анықтауында, экономиканың саласы бойынша және зиянды еңбек жағдайында зардап шеккендердің жұмыс өтілі бойынша қарастырып және осылардың арасындағы байланысты анықтауда.

Талдау барысында кәсіби патологияның жоғарғы деңгейінің негізгі себептері, басым нозологиялық құрылымы, еңбек өтіліне байланыстылығы анықталып, оларды төмендету бойынша ұсыныстар берілді.

Түйінді сөздер: кәсіби аурулар, жұмысшылар, жұмыс істейтін тұрғындар, еңбек жағдайы, аурушаңдық деңгейі.

Өзектілігі. Жұмыс істейтін тұрғындар денсаулығын қорғау сұрақтары бірқатар нормативтік құқықтық актілермен оның ішінде: Қазақстан Республикасының заңдылығымен, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексімен, ведомствалық және ведомствоаралық бұйрықтармен реттелген. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ішкі бақылау еңбекті қорғауды басқару жүйесін құруды және енгізуді, еңбек жағдайларының жай-күйін байқауды ұйымдастыруды, өндірістік бақылаудың деректеріне жедел талдау жүргізуді, түзектерді бағалауды және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарға келмейтін анықталған сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қабылдауды қамтиды [1,2]. Жұмыс беруші жұмыс орындарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі белгіленген талаптарды сақтау және анықталатын бұзушылықтарды жою бойынша шұғыл шаралар қабылдау мақсатында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ішкі бақылауды жүзеге асыру қажет [3,4]. Ғылыми-техникалық прогресстің салдарынан пайда болған проблемалардың ішінде ең күрделі, әрі көп қырлысы оның адам тағдырына әсер етуі. Халық шаруашылығы дамыған сайын өте жоғары, өте төмен қысымды, шу, дүбір, температураны, улы, технологиялық үрдістің жоғары жылдамдығын пайдалану еңбек күші мен өнімділігін жоғарылата келіп, еңбек жағдайын да күрделімдендіреді [5,6,7]. Кәсіби аурулар - ағзаға негізінен зиянды еңбек жағдайының әсер етуінен пайда болатын аурулардың ішіндегі ерекше түрі болып табылады. Аурудың өндірістік ортаның қолайсыз факторларының әсерімен себептік байланысының болуы, өндірістік кәсіптік зияндылықтарды талдау қажеттілігін бірінші орынға шығарып, еңбек гигиенасы мен қауіпсіздігі арасындағы тығыз байланыстың маңыздылығын анықтайды [8,9,10]. Демографиялық жағдайдағы шенеліс, еңбекке қабілетті жастағы өлім көрсеткіштерінің жоғары болуы, өмір сүру ұзақтығының төмендеуі, туу көрсеткіштерінің азаюы еліміздің еңбек қабілеттілік потенциалына әсер етуде. Нәтижесінде экономиканың барлық салаларында, әсіресе металлургиялық, тау-кен байыту, химиялық, құрылыс тағы

басқа өнеркәсіп орындарында жұмыс күшінің жетіспеушілігі орын алуы [11,12].

Қазақстан Республикасында өндірістің түрлі салаларында, кәсіпорындарда, агроөнеркәсіптік кешенде шамамен 1,5 млн адам еңбек етеді, оның ішінде шамамен 700000 адам өндірістік ортаның зиянды және қолайсыз факторларымен қатынаста жұмыс істейді [13]. Санитарлық нормалардың талаптарына сай келмейтін нысандардың басым бөлігі тау-кен өндірісіне, көмір өнеркәсібіне, қара және түсті металлургия салаларына жатады [14,15].

Шығыс Қазақстан облысы аумағында тау-кен өндіру, металлургиялық, құрылыс, ауыл шаруашылық салаларда орташа алғанда шамамен 130 мыңдай адам жұмыс істейді, оның ішінде зиянды жағдайда 80000 адам, олардың арасында 20000 әйел адамдар болып табылады. Бұл сан облыс тұрғындарының 43% құрайды, яғни тұрғындардың жартысына жуығы зиянды өндірістік жағдайда жұмыс істейді [16,17].

Жұмыстың мақсаты: Шығыс Қазақстан облысы аумағында зиянды еңбек жағдайында, өндірістерде жұмыс жасайтын жұмысшылардың кәсіби аурушаңдығына талдау жасау, оларды төмендету бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Материалдар мен әдістері. Қазақстан Республикасында жұмыс атқаратын тұрғындарға профпатологиялық көмек көрсету бойынша бірегей ғылыми тәжірибелік орталық «Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар Ұлттық орталығы» ДСМ ҚР болып табылады және оның Шығыс, Батыс, Оңтүстік Қазақстандық филиалдары бар. Клиникалары жалпы төсек саны 145, өндірістік және экологиялық факторлардың адам ағзасына әсерін зерттеумен, мамандыққа байланысты қауіп-қатерді бағалау, кәсіби аурумен ауырғандарға мамандандырылған көмек көрсету, еңбек жағдайы факторларымен аурушаңдықтың арасындағы байланысты анықтау, алдын алу шараларын ұсыну болып табылады [18,19]. «Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар Ұлттық орталығы» Шығыс Қазақстан филиалының жылдық есептік мәліметтерін гигиеналық, эпидемиологиялық, статистикалық әдістер қолдану арқылы талдау жүргізілді.




Зерттеу нәтижелері мен талдау. Қолайсыз еңбек жағдайының орын алуына қарамастан, Республика бойынша кәсіби аурулар дамыған еуропалық елдермен салыстырғанда төмен көрсеткіштерді көрсетеді [20,21]. Елде профпатологиялық көмек көрсету жүйесін тиімді басқару үшін ең алдымен алғашқы профпатологиялық көмектің атқаратын ролін жоғарылату керек. Бұл жерде басымдылық бағытты кәсіби аурулардың белгілерін ерте кезде анықтауға негіздеу қажет.

Кәсіби аурулар негізінен тау-кен өндірісі және металлургиялық өнеркәсіп жұмысшылары арасында тіркеледі. 2017ж. облыс аумағындағы өндірістерде 146 кәсіби ауру оқиғасы тіркелген, өткен жылмен салыстырғанда 1,1 есеге немесе 11 оқиғаға көбейгені көрінеді. 2016ж. ШҚО өндірістерінде 10 мың жұмысшыға шаққанда алғашқы кәсіби аурудың 12,3 оқиғасы тіркелген, ал 2015 ж. – 17,7, 2014ж. – 17,8 оқиға тіркелген болатын (10 мың жұмысшыға есептегенде). 2016 ж. алғашқы кәсіби патология құрылымында жетекші орындарда кәсіби

радикулопатиялар – 58,3%, вегето-сенсорлық полирадикулопатия – 14,2%, діріл ауруы – 16,1%, кәсіби бронхиттер 12,6% анықталған. 2015 ж. алғашқы кәсіби патология құрылымында дәл осындай көрініс орын алады: кәсіби радикулопатия 52,2%, діріл ауруы – 16,1%, кәсіби бронхит – 15,5%.

2017 ж. бірінші орында бел-сегізкөз радикулопатиясы алады – 73 оқиға немесе 50% (2016ж.- 75 оқиға немесе 55,6%), қолдардың вегето-сенсорлық полирадикулопатиясы – 22 оқиға немесе 15 % (2016 ж.-19 оқиға немесе 14,1%), діріл ауруы – 17 оқиға немесе 11,6% (2016 ж. – 8 оқиға немесе 5,9%), силикоз – 11 оқиға немесе 7,5% (2016 ж. – 9 оқиға немесе 6,7%), жоғарғы тыныс жолдарының патологиясы (ЖТЖ) – 10 оқиға немесе 6,8% (2016 ж.-16 оқиға немесе 11,6%) (сурет 1). Кәсіби аурулардың нозологиялық талдауына қарап аймақ көлемінде жұмыс жағдайында физикалық фактордың зиянды әсері басым болып тұрғанын көруге болады.



Сурет 1 - Кәсіби аурулардың нозологиялық талдауы 2017-2016 жж.

Соңғы жылдардағы себептік факторларға байланысты кәсіби аурулар динамикасын қарастырғанда 2017 ж. тіркелген кәсіби аурулар құрылымында, 2016 ж. сияқты кәсіби аурудың туындауының негізгі этиологиялық факторына еңбек үрдісінің факторы ретінде 65% немесе 95 оқиға (2016 ж. - 57,8% немесе 78 оқиға) анықталды.

Екінші орында 2017 ж. шаң немесе химиялық фактор – 19,8% немесе 29 оқиға (2016 ж. – 20,7% немесе 28 оқиға), физикалық фактор – 14,3% немесе 21 оқиға (2016ж.-21,5% немесе 29 оқиға) және биологиялық фактор – 0,68% анықталды (кесте 1).

Кесте 1 - Этиологиялық факторға байланысты кәсіби ауру динамикасы (%)

Этиологиялық факторлар	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Физикалық	18,4	16,7	21,5	14,3
Химиялық және шаң	26,9	22,2	20,7	19,8
Биологиялық	1,3	1,1	-	0,68
Еңбек үрдісі факторлары	53,4	60	57,8	65

Кәсіби аурудың жұмыс өтіліне байланысты таралуына талдау жасағанда 2017ж. мәліметтер бойынша 40,4% кәсіби ауру оқиғасы зиянды өндірістік фактормен қарым-қатынаста 11-20 жыл жұмыс атқарған жұмысшыларда тіркелгені анықталды. Соңғы жылдар динамикасы бойынша алсақ 11-20 жыл жұмыс атқарғандар бойынша 53,4% дан

40,4% дейін төмендеген, ал 21-30 жыл жұмыс атқарғандарда 12,6% дан 34,2% жоғарылағанын көреміз. Зиянды өндірістік факторлармен жұмыс істеу өтіліне байланысты кәсіби патология 2016 ж. анықталуы келесідей тартылаған: ауырғандардың 44,0 % - жұмыс өтілі 11-20 жыл (2015ж. – 56,6%), 38,5% - жұмыс өтілі 21-30 жыл (2015ж. – 26,6%) болды (кесте 2).

Кесте 2 - Кәсіби аурудың жұмыс өтіліне байланысты таралуы (%)

Жұмыс өтілі	2014ж.	2015ж.	2016ж.	2017ж.
1 жылға дейін	-	-	-	2,05
1-10 жыл	2,7	4,4	2,9	9,5
11-20 жыл	53,4	52,2	49,6	40,4
21-30 жыл	31,4	27,8	31,1	34,2
31-40 жыл	12,6	13,9	15,6	8,9
41-50 жыл	-	1,7	0,7	1,3

Сонымен бірге клиникалық көрінісі «асқынған» форманың айқын көрінісімен тіркелген кәсіби аурулар үлес салмағы

жоғары тіркелген 2016ж. – 68,5%, 2015ж. – 66,1%. Бұл жағдайдың негізгі себептері қолайсыз еңбек жағдайы, ауыр



физикалық еңбек, еңбек пен демалудың тәртібінің бұзылуы, сапасыз өткізілген медициналық тексерулер, сауықтыру және оңалту шараларының күрт қысқаруы болып табылады. Сонымен қатар, соңғы жылдары кәсіби аурулардың қосарланған формаларының саны артуда, ол дегеніміз бір жұмысшыда бастапқыда ескіден төртке дейін нозологиялар анықталуы, мұндай жағдай алғашқы анықталған барлық кәсіби аурулардың 30%-ында анықталады. Бұл жерде, кәсіби радикулпатия, кәсіби бронхит, діріл ауруы алғашқы кәсіби аурулар құрылымында негізгі болып қалады [22].

Жалпы алғанда Шығыс Қазақстан облысында тіркелген кәсіби аурулар құрылымына талдау жасағанда, жетекші орында сүйек-бұлшықет жүйесі мен дәнекер тіңдері аурулары, радикулпатиялар, екінші орында тыныс алу органдары аурулары, шаң бронхиттері мен силикоз, үшінші орында қолайсыз физикалық факторлар әсерімен туындаған аурулар, діріл ауруы, полинейропатия, кохлеарлы неврииттер анықталды.

Жыл сайын созылмалы кәсіби аурулардың басым бөлігі келесі кәсіпорындарда тіркеледі: «Востокцветмет» ЖШС филиалы Жезкент тау-кен байыту комбинатында, «Қазмырыш» ЖШС Риддер тау-кен-байыту кешендері мен оның еншілес кәсіпорындарында. Осы жерде айта кететіні Шығыс Қазақстан облысы Республика бойынша кәсіби аурулармен аурушандық бойынша Қарағанды облысынан кейін екінші орында 2016 ж. 10 мың жұмысшыға шаққанда 12,3 оқиғамен тіркелген.

Жыл соңындағы мәліметтерден кәсіби аурулар бойынша «Диспансерлік» есепте 2369 науқас тіркелген. Олардың ішінде 1 топ мүгедектігін - 3, 2 топ - 63, 3 топ - 89, 2042 науқас еңбекке жарамсыздық қағазын алған. Кәсіби аурулардың анықталғанда ерте донозологикалық диагностиканың маңызы өте жоғары, себебі асқынған жағдайларда созылмалы түрлерге өтуі және қосарланған кәсіби аурулардың пайда болуы жұмысшыларды тұрақты еңбек жарамсыздығына немесе мүгедектікке әкелуі мүмкін. Тау-кен және металлургия өндірісінде жұмыс істейтін жұмысшылардың кәсіби аурулары мүгедектіктің негізгі себебі және өлімнің алдыңғы қатардағы себептерінің бірі болып табылады.

Қазақстанда жыл сайын 1000-нан аса кәсіби аурудың алғашқы формасы тіркеледі, оның шамамен 30% кәсіби еңбекке қабілеттілікті тұрақты жоғалтуға әкеледі [23]. Соңғы онжылдықтың ғылыми зерттеулерінде қоғамдық денсаулықтың регресіне әкелетін өндірістік факторлардың қолайсыз әсері өте толық көрсетілген, ол ТМД елдері мен Ресей, Қазақстан тұрғындарының өлімі мен аурушандығының жоғарылауымен көрінеді [24,25]. Қазіргі уақытта зиянды, санитарлық гигиеналық нормаларға сәйкес келмейтін жағдайда өнеркәсіп жұмысшыларының жалпы санынан 20% жұмыс атқарады. Қазақстанда еңбек жағдайының төмендеу тенденциясы кәсіпорындар мен ауыл шаруашылығының барлық саласында дерлік сақталуда, әрі ол денсаулықтың мамандыққа байланысты бұзылуы мен өндірістік жарақаттанудың пайда болуының қауіп-қатерін көбейтеді. Сонымен бірге, республика бойынша да, облыс көлемінде де, кәсіби аурулардың анықталуының төмендігі жұмыс істейтін тұрғындардың денсаулық жағдайы бойынша «жалған» қолайлы көрінісін көрсетеді.

Кәсіби аурулардың алдын алу шараларында негізгілерінің бірі болып зиянды еңбек жағдайында жұмыс атқаратын жұмысшылардың алдын ала және кезеңді медициналық тексеруден уақытында сапалы өтуі болып табылады. Мереімді медициналық тексеруді өткізу сапасының төмендеуіне әсер ететін медициналық қауіп-қатер факторларына Қазақстан аумағында медициналық санитарлық бөлімшелер санының қысқаруы, шипажайлар мен сауықтыру орындарының жабылуы, материалдық техникалық базаның ескіруін жатқызуға болады.

Қорытынды. Жүргізілген талдау жұмыстары келесі мәселелерді анықтады:

- жұмысшылардың жұмыс берушінің есебінен қаржыландырылған мекемелерден медициналық тексеруден өтуінің сапасының төмендігі бұл негізінен екі жағдайға байланысты болады, біріншіден жұмыс берушінің қызығушылығы жоқ, немқұрайлы қарауы сақтандыру төлемін төлеу керектігінен және жұмыс күшінен айырылуына байланысты. Екінші жағынан емдеу-профилактикалық мекеме жағынан да кәсіби аурушандықты көбірек анықтау тиімсіздігі болып табылады, себебі бұл мекемелерді жұмыс берушінің өзі қаржыландырады;

- жұмысынан айырылғысы келмейтін жұмысшының кәсіби аурудың бастапқы белгілерін жасыруы;

- жұмыс берушінің жұмыс орындарының аттестациядан қағаз жүзінде формалды түрде өткізу арқылы, сонымен бірге, жұмысшылар ауырған жағдайда еңбек қатынастарының келісімін бұзу арқылы кәсіби аурулар дамуының қауіп-қатерін жасыруы.

Жоғарыда айтылған мәліметтерді ескере келе, кәсіби аурулардың алдын алуда негізгі жолға қонтын жағдайлар, бұл еңбек жағдайын жақсарту шараларын қолға алу, осы салаға қатысы бар жұмыс берушілерден бастап, еңбекті қорғау саласының қызметкерлері, техникалық қауіпсіздік инженерлері тағы басқаларымен қатар, әр жұмысшының өз денсаулығы алдындағы жауапкершілігі, сауаттылығы, кәсіби патологияның ерте анықтауға бағытталған жұмыстар жүргізу және емдеу-профилактикалық оңалту шараларын дұрыс жолға қою, барлығы дерлік маңызды болып саналады. Осы күрделі жүйеде бір звено дұрыс атқарылмаса сол жұмысшы ағзасына зиянды әсер етіп, соңы денсаулық жағдайына әсер етуге әкелетіні анық.

Жұмысшылардың денсаулығын жақсарту, кәсіби аурулардың алдын алуда негізгісі алдын алу шараларын дұрыс жолға қою үшін осы салаға қатысы бар мамандарды дайындау сапасын жақсарту қажет, оның ішінде кәсіби аурудың профпатолог дәрігерлері мен медициналық тексеру өткізетін арнайы мамандар дәрежелері мен қатар еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік мамандарын дайындауды да жетілдіру қажет.

Еңбек жағдайы мен жұмысшылар денсаулығы туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық құралдар арқылы қол жетімді болуын қамтамасыз ету.

Еңбекті қорғаудың мемлекеттік нормативтік талаптарын жетілдіру, еңбекті қорғау бойынша мемлекеттік нормативтік талаптарын жұмыс берушіден бастап, жұмысшыға дейін орындауын қадағалау, кәсіби ауруларды жасырғаны үшін құқықтық және экономикалық санкциялар орнату қажет.



АДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі. 2015 жылғы 23 қараша № 414-V ҚРЗ. ҚР 24.05.2018 № 156-VІ өзгерісімен.
2. Зиятдинов В.Б., Аляевтінов Р.М., Химантдинов И.Ф. и др. Основные нормативно-правовые документы по охране здоровья работающего населения. – Казань: 2014. – 346 с.
3. Мендибаева Б.Б. Еңбек гигиенасы: 1 бөлім: Жалпы еңбек гигиенасы: Оқулық. – Алматы: «Эверо» баспасы, 2016. – 320 б.
4. Баубеков С.Д., Немербаев М.Н., Казахбаев С.З. Охрана труда и безопасность. Учебник. – Алматы: Издательство «Эверо», 2013. – 308 с.
5. Сраубаев Е.Н., Белоног А.А. Руководство по санитарной экспертизе в области гигиены труда: Учебно-методическое пособие. – Караганда: САНАТ-Полиграфия, 2008. – 562 с.
6. Ганицкий В.И., Эйрих В.И. Анализ и совершенствование организации производства и управления на горных предприятиях. – М.: МГТУ, 2003. – 18 с.
7. Измеров И.Ф. Индустриализация и ее последствия для здоровья работающих // Гиг. и сан. - 1992. - №4. - С.11-13.
8. Кулибаев Г.А., Аманбаев У.А. Профессиональные заболевания: Караганда-Алматы: Ғылым, 2001. – 575 с.
9. Уйба В.В., Бекенов Л.А., Цика О.С., Никитаев В.Г. Актуальные проблемы охраны здоровья работников промышленных предприятий и пути их решения // Материалы IV Всероссийского конгресса «Профессия и здоровье». – М.: 2005. – С. 25-27.
10. Work Involvement Heard amounting work lift truck drivers // Net: laboro. - 1996. - Vol.77, №1. - P. 123-193.
11. Суворов Г.А., Старожук И.А., Лагутина А.В. Прогностическая оценка и риск развития шумо-вибрационной патологии от воздействия общей вибрации и шума // Мед. труда и промышленная гигиена. – 1996. - № 12. - С. 1-5.
12. Ершова М.А. Эпидемиология и перспективы снижения вибрационно-шумовой патологии среди работающих в народном хозяйстве // Гигиена труда: Республиканский межведомственный сборник. – Киев: Здоровье, 1995. – Вып. 20. – С. 3-8.
13. Баттакова Ж.Е., Мухаметжанова С.Е., Джакупбекова Г.М. Проблемы профессионального риска и состояние профессиональной заболеваемости в Казахстане // Медицина. - 2010. - №3. - С. 89-94.
14. Мухаметжанова С.Е., Аманбаева А.У. К вопросу качества проведения профилактических медицинских осмотров работающих во вредных и опасных условиях // Профессия и здоровье: VII Всероссийский конгресс. – М.: 2008. – С. 561-565.
15. Сраубаев Е.Н. Состояние охраны здоровья работающего населения Республики Казахстан // Республиканская научно-практическая конференция с международным участием «Современные вопросы гигиены труда и профзаболеваний». – Караганда: 2007. - С. 3-9.
16. Султанбеков З.К., Мухамжанова А.К. Профессиональная заболеваемость работающих во вредных условиях труда в Восточно-Казахстанской области // Санитарный врач. - М.: Медиат, 2017. - №5(160). - С. 79-83.
17. Султанбеков З.К., Букунова А.Ш. Оценка труда и физиологических показателей организма рабочих-загрузчиков производства титанового шлака // Мат. XI межрегиональной научно-практической конф. «Актуальные проблемы медицины труда». – Новокузнецк: 2015. – С. 125-129.
18. Анализ профзаболеваемости за 2015-2017гг. в разрезе районов и городов ВКО. Информация о ходе выполнения приказа Министра национальной экономики Республики Казахстан от 24 июня 2015 года № 451 «Об утверждении правил регистрации, ведения учета случаев инфекционных, паразитарных, профессиональных заболеваний и отравлений и правил ведения отчетности по ним» Иск.№04-02/103 от 05.01.18г.
19. Отчет о состоянии профессиональной заболеваемости Восточно-Казахстанской области за 2016-2017гг. Усть-Каменогорск, 2017.-176с.
20. Султанбеков З.К., Карабалин С.К., Калымбекова Р.К., Беткембаева А.М., Бексейтова А.Н. Состояние функции внешнего дыхания у рабочих основных профессий титано-магниевого производства // Мат. конф. III-конгресс Евро-Азиатского респираторного общества. – Астана: 2007. - С. 114-118.
21. Friedman J.M., Hanson J.W.//In:Emery and Rimons Principles and practice of Medical Genetics. Fourth edition. – London: Churchill Livingstone, 2014. - Vol.1. - P. 1011-1045.
22. Султанбеков З. К. Проблемы охраны здоровья рабочих промышленных предприятий Восточно-Казахстанской области // Гигиена труда и медицинская экология. – 2006. - №1(10). - С. 3-11.
23. Жалимбетов М.К., Исмаилов А.А. Гигиеническая оценка условий труда рабочих при подземной добыче хромовых руд // Наука и здравоохранение. - 2004. - №3. - С. 34-38.
24. Nebert D.N., Jorge-nebert L.F. In:Emery and Rimons Principles and practice of Medical Genetics. – London: 2008. - P. 590-634.
25. Измерова Н.Ф., Капцов В.А., Оваскинов В.Г., Денисов З.И. Концепция оценки профзаболеваний по категориям их риска и тяжести // Медицина труда и промышленная экология. – 1993. - №9(10). – С. 1-4.

А.Ш. Букунова¹, Г.А. Арынова², А.У. Балтаева², А.Б. Даниярова²

¹Восточно-Казахстанский государственный технический университет имени Д.Серикбаева, Казахстан, г.Усть-Каменогорск

²Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Казахстан, г.Алматы

АНАЛИЗ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ЗАБОЛЕВАЕМОСТИ РАБОТАЮЩИХ ВО ВРЕДНЫХ УСЛОВИЯХ ТРУДА В ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Резюме: В статье приведен анализ уровня и структуры профессиональной заболеваемости в Восточно-Казахстанской области по данным «Научно-практического центра санитарно-эпидемиологической экспертизы и мониторинга» МЗ РК в разрезе районов и городов ВКО. Здоровье народа является важным индикатором развития общества, отражением социально-экономического благополучия страны, мощным экономическим, трудовым, оборонным и культурным потенциалом общества. Основная цель работы оценить состояние здоровья работающего населения по области, анализировать профессиональную заболеваемость в разрезе районов и городов в том числе предприятий, распределение профзаболеваний по выявляемости пострадавших. Практическая значимость работы заключается в определении основных причин заболеваемости работающих и в разработке мероприятий по профилактике. В основу методологии исследования лежит гигиенические, эпидемиологические, статистические методы.

Ценность проведенного анализа заключается в установлении динамики профессиональной заболеваемости в зависимости от этиологического фактора, в распределении профзаболеваний по отраслям экономики, и распределении профзаболеваний по стажу работы пострадавших во вредных условиях труда, в установлении связи между ними. Определены основные причины высокого уровня профессиональной заболеваемости, даны рекомендации по их снижению.

Ключевые слова: профессиональные заболевания, работающее население, условия труда, уровни заболеваемости.